

5 Lipin A.S., Poljakova O.V. Ocenka integracionnyh processov v Edinom jekonomicheskom prostranstve na primere trgovli tovarami // Evrazijskaja jekonomicheskaja integracija.- 2014. –N 1. – S. 80-96.

6 Vlijanie integracionnyh processov na formirovanie rynkov tovarov, uslug i kapitala // Nacional'naja jekonomika.– M.: Rossijskaja jekonomicheskaja akademija, 2002. - S. 507-515.

7 Demidov A.I. Racional'nost' vlasti i ejo jevoljucija ot teksta k obrazu // Voprosy filosofii.- 2005. –N 8. –S. 3-10.

8 Panteleev A.A., Chalaja Ju.Ju., Bajbotova R.Sh. Ocenka integracionnogo potenciala

jekonomik gosudarstv–chlenov Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza: konceptual'nye i metodologicheskie podhody // Evrazijskaja jekonomicheskaja integracija.- 2015.- N2(27).- S. 21-40.

9 Bajdurin M.S. Kriterii jeffektivnosti jekonomicheskoy integracii: dostizhenija i provaly v ramkah SNG // Regional'nye problemy preobrazovanija jekonomiki.- 2014.- N 12(50).- S. 112-120.

10 Vinokurov. E. Ju., Demidenko M. V. i dr. Ocenka jekonomicheskikh jeffektov otmeny netarifnyh bar'erov v EAJeS.– M.: CII EABR, 2015.- 72 s.

FTAMP 68.75.01
ӨОЖ 338.436

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АӨК ДАМУДАҒЫ
ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІ**

**ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННЫЙ МЕХАНИЗМ
РАЗВИТИЯ АПК КАЗАХСТАНА**

**INDUSTRIAL-INNOVATIVE MECHANISM OF AIC DEVELOPMENT
IN KAZAKHSTAN**

А.К. ШАРИПОВ¹

э.ғ.д., профессор

М.Т. КАНТУРЕЕВ²

э.ғ.д.

¹Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы

²І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

А.К. ШАРИПОВ¹

д.э.н., профессор

М.Т.КАНТУРЕЕВ²

д.э.н.

¹Академия экономики и права им. У.А. Джолдасбекова

²Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова

А.К. SHARIPOV¹

Dr.E.Sc., Professor

M.T.KANTUREEV²

Dr.E.Sc.

¹Academy of Economics and law named after U.A. Dzholdasbekov

²Zhetysu state University named after I. Zhansugurov

Аңдатпа. Ел экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына негізделген Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі жағдайы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігі көрсетілген. Соңғы жылдары қабылданған Агроөнеркәсіптік өндірісті сауықтыруға бағытталған АӨК-ні қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар қарастырылған. Республиканың агроөнеркәсіптік кешенінің әлеуетін көрсететін соңғы он жылдағы ғылыми жетістіктеріне қысқаша шолу жасалды. Аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі мәселелері анықталды: инновациялар мен жаңа технологиялық

Республикасының агроөндіріс кешенін басқару органдарының материалдары, ауылшаруашылық кәсіпорындарының, шаруа қожалықтардың, басқа да агроқұрылымдардың қорытынды есептері алынды.

Зерттеуді кешенді жүргізуге мүмкіндік беретін, келесі негізгі әдістер пайдаланылды: жүйелік талдау, нормативті, есептік-аналитикалық, абстрактылы-логикалық.

Сонымен қатар, ізденіс барысында экономикалық талдаудың мынадай тәсілдері қолданылады: теориялық концепцияларды жалпылау, салыстырмалы және аналитикалық талдау, статистикалық көрсеткіштерді талдау және т.б.

Мерзімдік басылымдар мен жарияланымдардың айтарлықтай санына қарамастан, қарастырылып отырған мәселе жеткіліксіз зерттелген.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстанның аграрлық ғылымы агроөнер-кәсіптік кешеннің индустриалды-инновациялық дамуын арттырудың маңызды әлеуетін иеленеді. Оларға ауыл шаруашылығы өндірісіне қажет техникалық жабдықтар, селекциялық жетістіктің өсімдік сорттары, гибридтер, және ауыл шаруашылығы малдарының тұқымы, типі және желілігі, өндірістің топырақ қорғайтын және қор сақтайтын технологиялары, ауыл шаруашылығы өнімдері мен орман түзуші дақылдарды сақтау және қайта өңдеу жатады.

Соңғы 10 жыл ішінде (2007-2017) Қазақстанның аграрлық ғылымы агроөнер-кәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін енгізуге және арттыруға маңызды әлеуеті бар ғылыми жетістіктерге жетті:

♦ шетелдігі ұқсастармен салыстырғанда өнімділігі мен сапасы бойынша бәсекеге қабілетті әртүрлі дақылдардың 363 сорты мен гибридтері жасалды және мемлекеттік сорт сынауға берілді;

♦ ҚР АШМ Ғылыми-зерттеу ұйымдарында жасалған ауыл шаруашылығы дақылдарының 34 жаңа сорты мен гибридті селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіміне қосылды;

♦ сүтті малдың 3 жоғары өнімді типі, етті малдың 4 жоғары өнімді тұқымдық желісі, қаракөл қойының 4 типі және етті-майлы қойдың 8 тұқымдық желісі, жоғары сүтті құшым жылқыларының 2 тұқымдық желісі, түйелердің тұқымдық желісі, алдын алу, болжау және емдеу ветеринарлық 134 препараты жасалды [3, б.57].

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу тұтастай алғанда, азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге,

кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылықтарын қолдауға, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитарлық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілесіп қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған [4, б. 7].

Алайда, аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру шараларын ғылыми қамтамасыз етуде келесідей проблемалар бар:

- жаңа технологиялық шешімдерді және инновацияларды қолдануға негізделген кәсіпкерлік дақыл деңгейінің төмендігі;

- өндіріске ғылыми әзірленімдерді енгізуді ынталандырудың тиімді жүйесінің жоқтығы;

- қаржы ресурстардың шектеулілігі және АӨК-дегі ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) мемлекеттік қолдаудың тиімді механизмдерінің жоқтығы;

- біліктілігі жоғары кадрлар мен жас ғалымдар үшін ғылыми қызмет саласының тартымсыздығы, ғылымдардың ұрпақтық сабақтастығының үзілуі;

- инновациялық процестің барлық қатысушыларының арасында тиімді қарым-қатынасының жоқтығы;

- отандық ғылымның әлемдік ғылымға ықпалдастық деңгейінің жеткіліксіздігі;

- қазіргі заманғы ғылыми және материалды-техникалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі [5, б.135].

ҚР-да АӨК-ді дамытудың күшті жақтары қазіргі уақытта даму бағдарламаларын мемлекеттік қолдау, агротехнологияларды қолданудың жинақталған мол тәжірибесі болып табылады. АӨК-ні дамытудың әлсіз жақтары сақтау қуаттылықтарының, логистикалық қуаттылықтардың жеткілікті мөлшерінің болмауы, ғылыми-зерттеу тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды енгізудің төмен деңгейі, ветеринариялық қауіпсіздіктің төмен деңгейі және дамудағы басқа теңгерімсіздіктер болып табылады.

ҚР АӨК-сін дамыту мақсатын белгілеу кезінде мынадай сыртқы ортада қалыптасқан шешуші үрдістерді және ҚР АӨК-індегі ағымдағы жағдайды ескеру қажет:

- экстенсивті дамыту мүмкіндіктерінің аяқталуы орын алды;

- өнімділікті арттыру және технологияларды жаңғырту қажет;

- алдағы ДСҰ-ға кіру және КО шеңберіндегі қызмет жағдайларында, халықаралық сауданы, көлік және коммуникация құралдарын белсенді дамыту, өнім стандарттарын көтеру, тұтынушылар қалауларының өзгеруі және мемлекеттік қолдау деңгейін төмендету кезінде бәсекеге қабілеттілігіне және онымен тікелей байланысты еңбек өнімділігі, өнім сапасы мен оның маркетингі мәселелеріне қойылатын талаптар бірінші кезекке қойылады;

- өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы субсидиялауды қоса алғанда, саланы қаржылық сауықтыру, АӨК тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ АӨК субъектілерін ветеринариялық, фитосанитариялық қауіпсіздік және сумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қамтамасыз етуді дамыту, жер қатынастары, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін көтеру мақсатында АӨК салаларын мемлекеттік қолдау жөніндегі бірқатар жүйелі шаралар талап етіледі.

Өсімдік шаруашылығы саласындағы даму перспективасы, бірінші кезекте, дақылдарды өңдеудің ғылыми негізделген ылғал-ресурс үнемдеуші технологияларына көшу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы айналымына жаңа және қазір пайдаланылмайтын жерлерді тарту жолымен өндірісті әртараптандыруды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруды көздейді, осыған байланысты салық салу жүйесін жетілдіру қажет.

Бұдан басқа, табыстарды баршаға ортақ декларациялау тұжырымдамасына сәйкестікті, ДСҰ талаптарын, салық салу көлемдерін табыстар көлемдеріне барабар қамтамасыз етуді, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан салықтық есеп енгізуді, салықтық есепті оңайлатуды, жеке қосалқы шаруашылықтарды қоса алғанда салық салушылардың толық қамтылуын қамтамасыз етуді, көлеңкелі схемалар құру мүмкіндігін алып тастауды, жалдамалы жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуді, салықтық жүктеменің мәнді артуын болдырмауды ескере отырып, мүдделі мемлекеттік органдарға АӨК субъектілеріне оңтайлы салық салу режимдері жөніндегі ұсыныстар енгізу қажет [6, б.32].

Мал шаруашылығы саласында ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін арттыру және етті мал шаруашылығын дамытуға ынталандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Асыл тұқым базасын дамыту және мал мен құстың генетикалық әлеуетін арттыру бойынша жұмыс, оның ішінде одан әрі репродукциялау үшін асыл тұқымды малдарды импорттау есебінен жалғастыру қажет. Дәстүрлі мал шаруашылығы салаларын дамыту үшін жайылымдық мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын дамытуды ынталандыратын іс-шаралар кешенін қабылдау керек. Сондай-ақ жемшөп өндірісін дамыту, азып-тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру және суландыру жөніндегі шараларды қабылдау тиіс. Шағын және орта фермаларды және отбасылық үлгідегі шаруашылықтарды құру бойынша жұмысты күшейту қажет [7, б.12].

Балық шаруашылығын дамытудың басым бағыты ретінде балықты тауарлық өндіруді арттыру мақсатында акваөсіру өнімдерін отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау керек.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында отандық өнім сапасын арттыру, азық-түлік тауарларының түртүрін кеңейту және сол арқылы негізгі сауда серіктестерімен бәсекелестікке тең жағдайлар жасау үшін өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарақтау, халықаралық сапа стандарттарына көшу өзекті болып қалуда. Осы арада, мемлекеттік органдардың стратегиялық құжаттарын техникалық реттеу, сауда, бәсекелестікті қорғау, ақпарат, кеден және шекара қызметтері мәселелерінде түзетулерді жүргізу қажет [8, б.42].

Отандық тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің ішкі нарығын арттыру және сыртқы нарығын кеңейту мақсатында мүдделі уәкілетті органдармен ынтымақтастықта ішкі нарықты импорттық тауарлардың жасырын демпингінен қорғау; техникалық реттеу саласындағы заңнаманың сақталуына бақылауды күшейту; отандық тамақ өнімдерін басым сатып алу бөлігінде заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету; отандық өнімдерді сауда желілерінің сөрелеріне жеткізу тетігін жетілдіру; сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту; отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығару; аралас салаларды дамыту; ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша шаралар қабылдау қажет [9, б.17].

Халықаралық сертификаттау жүйесін енгізу арқылы органикалық өнімдер өндірісін ынталандыру үшін жағдай жасау керек.

АӨК-ні индустриалды-инновациялық дамытуды жоғары технологиялы инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ су ресурстарын ықпалдастырылған басқару қағидаттарын енгізу жолымен жүзеге асыру қажет. Мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында субсидиялау жүйесін жетілдіру қажет [10, б.82].

Алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуді ынталандыру және отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы қолдау шараларымен қатар жеке дақылдарды тікелей субсидиялаудан жеңілдетілген қаржыландыру арқылы қолдауға біртіндеп көшуді (кредиттер және лизинг бойынша пайыздық ставканы субсидиялау, қаржы ұйымдары алдындағы АӨК қарыздарын кепілдендіру жүйесін және сақтандыру жүйесін енгізу), сондай-ақ жобаларды іске асыру кезінде инвестициялық субсидиялауды көздеу қажет. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық тұрақсыздығын болдырмау және олардың қысқаруына жол бермеу мақсатында аталған кәсіпорындарды қаржылық сауықтыруды жүзеге асыру қажет.

Тұжырымдар. Жүргізілген зерттеу негізінде жақын арада ауыл шаруашылығын дамытуда мемлекеттің тарапынан мынадай механизмдер іске асырылуы керек деп санаймын:

- ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында АӨК индустриалды-инновациялық дамытуды ауқымды жаңғырту қажет;

- егістік алаңын ұлғайту, мұндай мүмкіндік барлық елдерде бірдей жоқ екенін атап өтеміз. Егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру қажет;

- біз әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке иеміз. Нәтижесінде агроөнеркәсіптік кешеннің алдына – экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін орындауға тиіспіз;

- ауыл шаруашылық қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту;

- жаңа қаржылық құралдарды атап айтқанда, өнімді хеджирлеу, қоймалық және элеваторлық жазбалар, форвардтық және фьючерстік мәмілелер, лизингтік қатынастар т.с.с. енгізу жұмыстарын жүзеге асыру;

— қаржылық инвестициялық іс-әрекеттерді қолдау, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімдеріне баға теңгерімшілігін тағайындау;

— саладағы өндірістің мерзімділігі, капиталдың баяу айналысы, жоғары өндірістік тәуекел, шет мемлекеттердің протекционистік саясаты, азық-түлік импортының артуы секілді жағдайлар ескерілген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелеудің тиімді механизмдерін жасау;

— қызмет көрсету инфрақұрылымдарын және өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау жүйесін жетілдіру;

— шетелдік менеджменттік және маркетингтің тәжірибелерге сүйене отырып, осы салада отандық менеджмент пен маркетингті дамыту қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Фадеев А.А. Инновационная деятельность - основа развития отрасли скотоводства // Транзитная экономика.- 2011.- №5-6.- С. 46-48.

2 Рахимжанова А. Состояние и проблемы развития АПК Казахстана // Аналитическое обозрение.-2011.-№2.-С. 78-87.

3 Молдашев А.Б. АПК Казахстана в условиях единого экономического пространства// Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. -Алматы. - 2014. - №3.- —С. 57-58.

4 Молдашев А.Б. АПК Казахстана: проблемы развития и поиск их решения // Проблемы агрорынка. - Алматы. -2016. - №3. - С. 7-13.

5 Қалдияров Д.А., Шарипов А.Қ. Ұлттық экономиканың индустриалды-инновациялық дамуы: теория, тәжірибе. - Талдықорған, 2015. - 362 б.

6 Дауранов И. Инновационное развитие предпринимательства: институционально-правовая основа // Вестник предпринимателя.-2013.- №7.- С. 32-33.

7 Хусайнов Б.М., Жумагазиева А.Г. Основные приоритеты аграрной политики Республики Казахстан // Проблемы агрорынка. - 2015. -№2. —С.12-18.

8 Казыбаев А. К. Управление малым инновационным бизнесом // Проблемы агро-рынка. -2004. -№ 3. - С. 42-46.

9 Шарипов А.Қ. Қазақстанда ауылшаруашылығы кооперацияларының дамуы: проблемалары мен шешу жолдары: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф.: ҚазАӨК ЭФЗИ, Алматы.- 2014.-17-21б.

10 Гукеева Л.З., Коков А.А. Обеспечение устойчивого развития аграрного производства на основе активизации инвестиционных процессов хозяйствующих субъектов АП // Устойчивое развитие горных территорий. - 2015. - № 1 (23). -С. 82-88.

Әдебиеттер тізімі

1 Fadeev A.A. Innovacionnaja dejatel'nost' - osnova razvitija otrasli skotovodstva // Tranzitnaja jekonomika.-2011.-№5-6.-S. 46-48.

2 Rahimzhanova A. Sostojanie i problemy razvitija APK Kazahstana // Analiticheskoe obozrenie.-2011.-№2.-S. 78-87.

3 Moldashev A.B. APK Kazahstana v uslovijah edinogo jekonomicheskogo prostranstva// Jekonomika sel'skhozjajstvennyh i pererabatyvajushhih predpriyatij. -Almaty. -2014. - №3.- — S. 57-58.

4 Moldashev A.B. APK Kazahstana: problemy razvitija i poisk ih reshenija// Problemy agrorynka. -Almaty. -2016. - №3. -S. 7-13.

5 Qaldijarov D.A., Sharipov A.Q. Ұлттық jekonomikanyң industrialdy-innovacijalyқ damuy: teorija, tazhirbie. -Taldyқorған, 2015. - 362 b.

6 Dauranov I. Innovacionnoe razvitie predprinimatel'stva: institucional'no-pravovaja osnova // Vestnik predprinimatelja.- 2013.- №7.- S. 32-33.

7 Husainov B.M., Zhumagazieva A.G. Osnovnye prioritety agrarnoj politiki Respubliki Kazahstan // Problemy agrorynka.- 2015. -№2. — S.12-18.

8 Kazybaev A.K. Upravlenie malym innovacionnym biznesom // Problemy agrorynka. - 2004. -№ 3. - S. 42-46.

9 Sharipov A.Q. Қазақстанда ауылшаруашылығы кооперацияларының дамуы: проблемалары мен sheshu zholdary: Halyқаралық ғылыми-тәжірибелік конф.: ҚазАӨКЭФЗИ, Алматы.- 2014.- 17-21б.

10 Gukezheva L.Z., Kokov A.A. Obespechenie ustojchivogo razvitija agrarnogo proizvodstva na osnove aktivizacii investicionnyh processov hozjajstvujushhih sub#ektov AP // Ustojchivoe razvitie gornyh territorij. - 2015. - № 1 (23). -S. 82-88.